- В моделях, оснащенных таймером, таймер не установлен. >>> *Установите время. (В моделях с микроволновой печью управление по таймеру действует только для микроволновой печи).*
- Нет электропитания. >>> *Проверьте наличие электропитания. Проверьте предохранители в блоке предохранителей. При необходимости замените или включите предохранители.*

### **При розжиге не вспыхивает искра.**

- Нет тока. >>> *Проверьте предохранители в блоке предохранителей.*
- Не установлено время. >>> *Установите время*

### **Газ не поступает.**

- Перекрыт общий газовый кран. >>> *Откройте газовый кран.*
- Перегиб газового шланга. >>> *Правильно расположите газовый шланг.*

### **Горелки плохо горят или вообще не горят.**

- Горелки засорены. >>> *Очистите компоненты горелки.*
- Горелки влажные. >>> *Просушите компоненты горелки.*
- Накладка горелки плохо установлена. >>> *Правильно установите накладку горелки.*
- Перекрыт газовый кран. >>> *Откройте газовый кран.*
- Газовый баллон пуст (при использовании сжиженного газа). >>> *Замените газовый баллон.*

### **(В моделях с таймером) Цифровой индикатор времени мигает, или светится символ часов.**

- Ранее произошло отключение электроэнергии. >>> *Установите время / Выключите духовой шкаф и включите снова.*

**i** Если вы не можете устранить неполадки, несмотря на выполнение инструкций, приведенных в данном разделе, обратитесь к представителю авторизованной сервисной службы. Не пытайтесь самостоятельно отремонтировать неисправный электроприбор.

Изготовитель: «Arcelik A.S.»

Юридический адрес: Караач Джаддеси № 2-6 34445 Сютлюдже Стамбул, Турция  
(Karaağaç Caddesi No:2-6 Sütlüce, 34445, Turkey)

Произведено в Турции

Импортер на территории РФ: ООО «БЕКО»

Юридический адрес: 601021 Россия, Владимирская обл., Киржачский р-н, МОСП  
Першинское, дер. Федоровское, ул. Сельская, д. 49.

Информацию о сертификации продукта Вы можете уточнить, позвонив на горячую линию  
8-800-200-23-56.

Дата производства включена в серийный номер продукта, указанный на этикетке, расположенной на продукте, а именно: первые две цифры серийного номера обозначают год производства, а последние две \_ месяц. Например, "10-100001-05" обозначает, что продукт произведен в мае 2010 года.

Изготовитель оставляет за собой право на внесение изменений в конструкцию, дизайн и комплектацию электроприбора.

# beko

## Пеш

Пайдаланушы нұсқаулығы



КК



ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН ЖӘНЕ  
ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ  
БОЛАТЫН ҚАҒАЗ

## Алдымен пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз!

Құрметті тұтынушы,

Веко өнімін таңдағаныңызға рақмет. Жоғары сапамен және заманауи технологиямен өндірілген өнімнен ең жақсы нәтижелерді аласыз деп үміттенеміз. Сондықтан, өнімді пайдаланбай тұрып осы пайдаланушы нұсқаулығын және басқа құжаттарды толығымен оқып шығыңыз және болашақта пайдаланатын анықтама ретінде сақтаңыз. Егер өнімді басқа біреуге тапсырсаңыз, пайдаланушы нұсқаулығын да беріңіз. Пайдаланушы нұсқауларындағы бүкіл ескертулер мен ақпараттағы нұсқауларды орындаңыз. Бұл пайдаланушы нұсқаулығы бірнеше басқа үлгіге де қатысты екенін есте сақтаңыз. Нұсқаулықта үлгілер арасындағы айырмашылықтар көрсетіледі.

### Белгілердің түсіндірмесі

Осы пайдаланушы нұсқаулығында келесі белгілер пайдаланылады:



Пайдалану туралы маңызды ақпарат немесе пайдалы кеңестер.



Өмірге және меншікке қатысты қауіпті жағдайлар туралы ескерту.



Ток соғуы туралы ескерту.



Өрт қаупі туралы ескерту.



Ыстық беттер туралы ескерту.



**Arçelik A.Ş.**  
Karaağaç caddesi No:2-6  
34445 Sütlüce/Istanbul/TURKEY  
Made in TURKEY



**1 Қауіпсіздік және қоршаған орта туралы маңызды нұсқаулар және ескертулер 4**

Қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері ..... 4

Газ құралдарымен жұмыс істеу барысындағы қауіпсіздік техникасы5

Электр қауіпсіздігі ..... 7

Өнім қауіпсіздігі ..... 8

Дұрыс пайдалану ..... 10

Балар қауіпсіздігі..... 11

Ескі өнімді тастау ..... 11

Орама материалдарын тастау..... 12

**2 Құрылғыңыз 13**

Жалпы шолу ..... 13

Буманың құрамы..... 14

Техникалық сипаттамалары ..... 15

Бүріккіш сипаттамалары ..... 16

**3 Орнату 18**

Орнатудан бұрын ..... 18

Орнату және қосу ..... 20

Басқа газ түріне ауысу ..... 26

Келешекте тасымалдау ..... 29

**4 Дайындық 30**

Қуатты үнемдеу бойынша кеңестер..... 30

Алғашқы қолдану ..... 30

Уақытты орнату ..... 30

Құрылғыны алғаш рет тазалау..... 31

Бастапқы қыздыру ..... 31

**5 Кемпіректі қолдану жолы 32**

Пісіру туралы жалпы мәліметтер ..... 32

Кемпіректерді қолдану ..... 32

**6 Пешті іске қосу жолы 34**

Пісіру, қуыру және грильде дайындауға қатысты жалпы мәліметтер..... 34

Электр пешін іске қосу жолы..... 35

Жұмыс режимдері ..... 35

Пештің сағатын пайдалану..... 36

Тағамдарды пісіру уақытының кестесі39

Грильді іске қосу жолы..... 43

Грильденетін тағамдарды пісіру уақытының кестесі..... 44

**7 Күту мен техникалық қызмет көрсету 45**

Жалпы мәліметтер..... 45

Пісіру тақтасын тазалау..... 45

Басқару тақтасын тазарту ..... 46

Пешті тазалау ..... 46

Тұмпалештің есігін тазалау..... 47

Есіктің ішкі әйнегін шығарып алу..... 48

Пеш шамын ауыстыру ..... 49

**8 Ақаулықтарды іздеу және жою 50**

## **1 Қауіпсіздік және қоршаған орта туралы маңызды нұсқаулар және ескертулер**

Бұл бөлім жеке жарақаттан немесе меншіктің зақымдалуынан қорғауға көмектесетін қауіпсіздік туралы нұсқауларды қамтиды. Бұл нұсқауларды орындамау бүкіл кепілдікті жояды.

### **Қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері**

- Бұл жабдықты 8 жастан жоғары балалар және дене, сезу немесе ақыл-ай мүмкіндіктері нашар адамдар жабдықты қауіпсіз пайдалану туралы бақылау немесе нұсқау берілсе және байланысты қауіптерді түсінсе пайдалана алады. Балалар жабдықпен ойнамауы керек. Тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Бұл құрылғыны физикалық, сезу және ойлау қабілеттері шектеулі (балаларды қоса), не болмаса тәжірибесі не білімі жоқ адамдар

қадағалаумен және құрылғыны пайдалануға байланысты нұсқауларды бермейінше қолданбауы тиіс.

Қадағалаудағы балалар құрылғымен ойнамауы керек.

- Егер әлдекім өнімді пайдаланса немесе біреуден сатып алса, пайдаланушы нұсқаулығы, өнім жапсырмалары және басқа тиісті құжаттамалар мен бөлшектер онымен бірге берілуі тиіс.
- Өнімді ешқашан кілем төселген еденге қоймаңыз. Әйтпесе, өнім астында ауаның болмауы электр бөліктердің шамадан тыс қызып кетуін тудырады. Бұл өнімде мәселелер тудырады.
- Орнату және жөндеу жұмыстарын Уәкілетті қызмет көрсету орталығының мамандары ғана орындауы қажет. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

Орнату алыднда нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

- Құрылғы бүлінген болса және көзге көрінетін ақаулықтар болса, құрылғыны іске қоспаңыз.
- Әр пайдаланудан кейін өнімнің функция тұтқыштарының өшірілуін бақылаңыз.

### **Газ құралдарымен жұмыс істеу барысындағы қауіпсіздік техникасы**

- Газ құралдарымен және жүйелерімен орындалатын кез-келген жұмыстарды Газбен қауіпсіз жұмыс істеуге уәкілетті және білікті кісілер ғана орындаулары қажет.
- Орнатудан бұрын, жергілікті тарату жүйесінің параметрлері (газ түрі мен қысымы) құрылғының баптауларына сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Бұл құрылғы жану өнімін жоятын құралға жалғанбаған. Құрылғыны орнату және жалғау жұмыстары күші бар нормалар мен қағидаларға сәйкес орындалуы қажет. Ерекше назар желдеткіш жүйесінің талаптарына

бөлінуі қажет; *Орнатудан бұрын, Бет 18* бөлімін қараңыз.

- **ЕСКЕРТУ:** Газ плитасын қолдану кезінде, ол орнатылған бөлмеде ыстық пен ылғал бөледі. Ас бөлме дұрыс желдетілуі қажет: табиғи желдеткіш саңылауларды ашық ұстаңыз немесе механикалық желдеткіш құралын орнатыңыз (механикалық газ плитасы үстіне орнатылатын сығынды құралы). Құрылғыны ұзақ қарқынды қолданғанда, қосымша желдеткіш қажет болуы мүмкін, мысалы механикалық сығынды құралы бар болса, қуат мөлшерін көтеру қажет.
- Газ құралдары мен жүйелері жұмыстарының дұрыстығын әрдайым тексеріп тұру қажет. Реттегішті, шлангты және оның қысқышын тұрақты түрде тексеру және өндіруші ұсынған немесе қажет болған кезеңдер ішінде ауыстыру керек.
- Газ жанарғыларын әрдайым тазалап тұрыңыз. Жалын көк болуы және тегіс жануы қажет.

- Бұл өнім дұрыс реттелген және істейтін көміртек тотығы датчигі орнатылған бөлмеде пайдаланылуы керек. Көміртек тотығы датчигі дұрыс істейтінін және жиі техникалық қызмет көрсетілетінін тексеріңіз. Көміртек тотығы датчигі өнімнен ең көбі 2 метр қашықтыққа орнатылуы керек.
- Газ құрылғыларында газ толығымен жануы қажет. Газ толығымен жанбаған жағдайда, тұншықтырғыш газ (CO) бөлінеді. Көміртегі тотығы - өте улы түссіз және иіссіз газ, ол тіптен өте аз мөлшерде де улану мен өлімге алып келеді.
- Газ жабдықтаушысынан жергілікті апаттық жағдайда қызмет көрсету орталығының телефон нөмірі мен газ иісі шыққан жағдайда қолдану қажет сақтық шаралары жайлы мәліметтерді сұраңыз.
- Бұл құрылғыға арналған реттеу шарттары белгішеде (немесе деректер тақтайшасында) көрсетілген

## **Газ иісі шыққанда не істеу қажет**

- Ашық жалынды пайдаланбаңыз немесе темекі шекпеңіз. Ешқандай электрикалық түймешіктер арқылы іске қоспаңыз (мыс, шам түймешігі, есік қоңырау және т.б.). Орнатылған немесе ұялы телефондарды пайдаланбаңыз. Жарылу және улану қаупі!
- Есіктер мен терезелерді ашыңыз.
- Газ құрылғысындағы барлық шүмектер мен басты басқару шүмегіндегі газ санаушын жабыңыз, егер ол жабық аймақта немесе төледе болмаса.
- Барлық құбырлар мен жалғаулардың бітеулілігін тексеріңіз. Егер газдың иісін әліде сезіп тұрсаңыз, бөлмеден шығыңыз.
- Көршілерді ескертіңіз.
- Өрт сөндірушілер тобын шақырыңыз. Үйдің сыртындағы телефонды қолданыңыз.
- Ғимарат ішіне қауіпсіз екендігін хабарламайынша кірмеңіз.

## **Электр қауіпсіздігі**

- Егер өнімде ақаулық бар болса, рұқсат етілген сервис агенті жөндегенше оны пайдаланбау керек. Электр тогы соғуының қаупі бар!
- Өнімді тек «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілгендей кернеуі мен қорғанысы бар жерге қосылған розеткаға/желіге қосыңыз. Құрылғыны трансформатормен немесе трансформаторсыз пайдаланып жатқан кезде, жерге қосу орнатылымын білікті электр маманы орындауы қажет. Жергілікті ережелерге сәйкес құрылғыны жерге тұйықтаусыз пайдалану нәтижесінде орын алған кез келген ақаулықтар үшін біздің компания жауапты емес.
- Ешқашан өнімді үстіне су себу немесе құю арқылы жумаңыз! Электр тогы соғуының қаупі бар!
- ешқашан ашаға ылғалды қолдармен тимеңіз! Ешқашан кабельдер тарту арқылы ажыратпаңыз, әрқашан ашаны ұстап ажыратыңыз.
- Орнату, тазалау және жөндеу процедуралары кезінде өнімді желіден ажырату керек.
- Егер өнімнің қуат қосылымы кабелі зақымдалса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервис агенті немесе сол сияқты білікті адамдар ауыстыруы керек.
- Жабдықты желіден толығымен ажыратуға болатындай орнату керек. Бөлуді құрылыс ережелері сәйкес желілік розетка немесе бекітілген электр қондырғысына бекітілген қосқыш қамтамасыз етуі керек.
- Құрылғы қосулы кезде, артқы қабаты қатты кызады. Газ түтікшелері мен электр сымдары құрылғының артқы қабатына тимейтіндігін тексеріңіз, себебі бұл олардың бүлінуіне алып келеді.
- Қуат сымы пештің есігі мен жақтауы арасында қысылып қалмағанын тексеріңіз және оны ыстық қабаттардың үстімен жүргізбеңіз. Әйтпесе, сымның оқшаулауы еріп,

қысқа тұйықталуға және өртке алып келеді.

- Электр құралдарымен және жүйелерімен орындалатын кез-келген жұмыстарды уәкілетті және білікті кісілер ғана орындауы қажет.
- Ақаулық болған жағдайда құрылғыны өшіріп, оны электр жүйесінен ажыратыңыз. Бұл үшін уйдегі сақтандырғышты өшіріңіз.
- Сақтандырғыш көрсеткіші өніммен үйлесімді екенін тексеріңіз.

### **Өнім қауіпсіздігі**



- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Пайдалану кезінде жабдық пен қолмен жетуге болатын бөліктері қызады. Қыздыру элементтеріне тимеуді қадағалау керек. 8 жастан төмен балаларды қадағалау болмаса, ары ұстау керек.
- Серпіліс пен қимыл жылдамдығына әсер ететін ішімдік пен дәрі-дәрмектің әсерінде болғанда құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Тағамдарды дайындауда алкогольді ішімдіктерді қосқанда абай болыңыз.

Жоғары температурада алкоголь буланып, ыстық беттерге тигенде жануы және өртке алып келуі мүмкін.

- Құрылғы жанына жанғыш заттарды қоймаңыз, себебі, қосулы кезінде бүйірлік беттері қатты қызады.
- Пайдалану кезінде құрылғы қызып кетуі мүмкін. Пеш ішіндегі қыздыру элементтеріне тимеуді қадағалау керек.
- Барлық желдеткіш тесіктерінің ашық болғанын қадағалаңыз.
- Пеште қаңылтыр және шыны құтыларда жабылған тағамдарды ысытпаңыз. Құты ішінде қысым жоғарылап, құтының жарылуына алып келеді.
- Жайпақ қаңылтыр табаны, ыдысты және алюминийлі қытырлақ қағазын тікелей пештің төменгі жағына қоймаңыз. Тым қатты ыстық пештің төменгі жағын бүлдіруі мүмкін.
- Қатты абразивті тазартқыштарды немесе үшкір металл қырғыштарды пайдаланып, пеш есігінің шынысын

тазаламаңыз, өйткені олар бетті сырып, бұл шынының сынуына әкелуі мүмкін.

- Жабдықты тазалау үшін бу тазалағыштарын пайдаланбаңыз, өйткені ток соғуы мүмкін.
- (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.) Сым тор сәресі мен жайпақ қаңылтыр табаны сым бағыттауыштарына дұрыстап қою Сым тор сәресін және/немесе табаны бағыттауышқа дұрыстап қою өте маңызды. Сым тор сәресін екі сырғытпалы жолға салып, тағамды салғанда екі жағыда тең екендігін тексеріңіз (Келесі санға қараңыз).



- Алдыңғы есігінің шынысы алынған не шытынаған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Тағамды пешке салар немесе пештен шығарар кезінде әрқашан ыстыққа төзімді қолғаптарды пайдаланыңыз.
- Пісіру қағазын әзірлеу құмырасына немесе духовка аксессуарына (науа, сымды гриль, т.б.) тамақпен бірге қойыңыз, содан кейін барлығын алдын ала қыздырылған духовкаға салыңыз. Духовканың қыздыру элементтеріне тию қаупін болдырмау үшін аксессуардан немесе құмырадан шығып тұрған пісіру қағазының артық бөліктерін алыңыз. Пісіру қағазы үшін пісіру қағазын көрсетілген мәннен жоғарырақ жұмыс температурасында ешқашан пайдаланбаңыз. Пісіру қағазын тікелей духовка түбіне қоймаңыз.

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Шамды ауыстырар алдында, электр тогының соғуына жол бермеу үшін, құрылғының қуат сымынан ажыратылғанын немесе ажыратқыштың өшірілгенін тексеріңіз.
- Электрлі немесе газ кемпіректері суымайынша жоғарғы қақпағын жаппаңыз. Жоғарғы қақпақты ашар алдында ылғал артқы қабат пен пеш ішіне кірмеуі үшін құрғақ етіп сүртіңіз.
- Құрылғының қызып кетуін болдырмау мақсатында оны сәндік есік артына орнатпау қажет.
- Құрылғыны тікелей еденнің үстіне орнату қажет. Оны негіздің немесе тіректің үстіне қондыруға болмайды.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Май бар кемпірікте қадағалаусыз пісіру қауіпті болуы мүмкін және өртке әкелуі мүмкін. ЕШҚАШАН отты сумен өшіруге тырыспаңыз, құрылғыны өшіріңіз, содан кейін жалынды қақпақ немесе өртке төзімді жапқыш сияқты бірдеңемен жабыңыз.
- **ЕСКЕРТУ:** Әзірлеу процесі қадағалануы керек. Қысқа мерзімді әзірлеу процесі үздіксіз қадағалануы керек.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Өрт қаупі бар: пісіру беттерінде заттарды сақтамаңыз. Өнімде өрт болмауы үшін:
  - Ашаның розеткаға ұшқын тумайтындай қосылғанын тексеріңіз.
  - Зақымдалған немесе кесілген кабельді, түпнұсқа кабельден басқа ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз.
  - Розеткадағы сұйықтық немесе ылғал өнімге тимеуін тексеріңіз.
  - Газ қосылымы орнатылғанын, әрі газ шығып кетпейтінін тексеріңіз.

### **Дұрыс пайдалану**

- Бұл құрылғы тек тұрмыстық қажеттілік үшін өндірілген. Сауда мақсатында қолданылса, кепілдігі жойылады.
- **ЕСКЕРТУ:** Бұл құрылғы тек тағамды пісіруге ғана арналған. Оны басқа мақсаттарда, мысалы бөлмені жылыту үшін пайдалануға болмайды.



- Құрылғыны гриль астына арналған табақты жылыту үшін, сүлгілерді, ыдыс-аяқ сүлгілерін пеш есігінің тұтқыштарына ілу арқылы кептіру үшін пайдалануға болмайды. Сонымен қатар, бұл құрылғыны бөлмені жылыту мақсатында қолдануға болмайды.
- Құрылғыны дұрыс пайданланбау себебінен туындаған ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.
- Пешті тағамдарды еріту, пісіру, қуыру және грильде дайындау үшін пайдалануға болады. .

## Балар қауіпсіздігі

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Пайдалану кезінде жетуге болатын бөліктер ыстық болуы мүмкін. Кішкентай балдар алшақ жерде болуы керек.
- Орама материалдары балаларға зиянды болады. Балаларды орама материалдарынан алшақ ұстаңыз. Орама материалдардың барлық бөліктерін қоршаған орта стандарттарына сай тастаңыз.
- Электр және/немесе газ жабдықтары балалар үшін

қауіпті болып табылады. Іске қосулы болғанда балардың осы өнімнен алшақ болуы қадағалап, олардың өніммен ойнауын болдырмаңыз.

- Жабдықтың үстіне балалардың қол жететін ешқандай зат қоймаңыз.
- Есік ашық кезде оған ешбір ауыр затты жүктемеңіз және оған балардың отыруына жол бермеңіз. Ол аударылып кетуі не ілгектері зақымдануы мүмкін.

## Ескі өнімді тастау

**Қоқыс өнімдерді лақтыру туралы WEEE директивасының талаптарына сәйкестік:**



Бұл өнім EО WEEE директивасының (2012/19/EU) талаптарына сәйкес келеді. Бұл өнімде қоқыс электр және электрондық жабдық (WEEE) жіктеу таңбасы бар.

Бұл өнім қайта пайдалануға болатын және қайта өңдеу үшін жарамды жоғары сапалы бөлшектермен және материалдармен жасалған. Қызмет көрсету мерзімі біткенде қоқыс өнімді әдеттегі тұрмыстық және басқа қоқыстармен бірге лақтырмаңыз. Оны электр және электрондық жабдықтарды қайта өңдеу үшін жинау орталығына апарыңыз. Бұл жинау орталықтары туралы білу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

## **RoHS директивасының талаптарына сәйкестік:**


Сіз сатып алған өнім EО RoHS директивасының (2011/65/EU) талаптарына сәйкес келеді. Оның құрамында директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.

## **Орама материалдарын тастау**


- Орама материалдары балалар үшін қауіпті. Орама материалдарын балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз жерге қойыңыз. Өнімнің орама материалдары қайта өңделетін материалдардан жасалған. Қайта өңделетін қалдық нұсқауларына сәйкес сұрыптаңыз және оларды дұрыс тастаңыз. Оларды қалыпты үй қалдықтарымен бірге тастамаңыз.

## 2 Құрылғыңыз

### Жалпы шолу



- |                   |  |
|-------------------|--|
| 1 Алдыңғы есік    | 8 Үстіңгі қақпағы                                  |
| 2 Тұтқа           | 9 Желдеткіш моторы (артқы болаттан жасалған табан) |
| 3 Астыңғы тартпа  | 10 Шам   |
| 4 Таба            | 11 Үстіңгі қыздыру элементі                        |
| 5 Сым тор сөресі  | 12 Сөрелің позициялары                             |
| 6 Басқару тақтасы |  |
| 7 Жанарғы тақтасы |  |



- |                                  |                    |
|----------------------------------|--------------------|
| 1 Термостат шамы                 | 8 Термостат тетігі |
| 2 Функция тетігі                 |                    |
| 3 Қалыпты жанарғы Артқы сол жақ  |                    |
| 4 Жылдам жанарғы Алдыңғы сол жақ |                    |
| 5 Сандық таймер                  |                    |
| 6 Қосымша жанарғы Алдыңғы оң жақ |                    |
| 7 Қалыпты жанарғы Артқы оң жақ   |                    |


## Буманың құрамы

**i** Жабдықтар құрылғының үлгісіне қарай түрлі болуы мүмкін. Пайдаланушы нұсқауында көрсетілген кейбір жабдық осы құрылғыда болмауы мүмкін.

### 1. Пайдаланушы нұсқаулығы


### 2. Стандартты поднос

Ұннан жасалған тағамдарды пісіруге, мұздатылған тағамдарды ерітуге және үлкен бөлікті тағамдарды қуыруға пайдаланылады.





### 3. Терең түбті қаңылтыр таба

Ұннан жасалған тағамдарды пісіруге, үлкен бөлікті тағамдарды қуыруға, шырынды тағамдарға, грильдеу кезінде ағатын майды жинау үшін пайдаланылады.





### 4. Сымды гриль

Қуыруға арналған және тағамдарды қалыпта пісіру, қуыру және әзірлеу кезінде қажетті сөреге қою үшін пайдаланылады.



### 5. Сым тор сөресі мен жайпақ қаңылтыр табаны сырғытпалы бағыттауыштарға қою (Бұл мүмкіндік қосымша. Ол өнімде болмауы мүмкін.)

Сырғытпалы бағыттауыштар табалар мен сым тор сөресін оңай орнатуға және шығаруға мүмкіндік береді. Табалар мен сым тор сөресін сырғытпалы бағыттауыштармен пайдаланғанда, таба мен сым тор сөренің шеттері сырғытпалы бағыттауыштардың артқы бөлігіне орналасқан қадауыштарға сүйеніп тұрғанын тексеріңіз.



## Техникалық сипаттамалары

<b>ЖАЛПЫ</b>	
Сыртқы көлемдері (биіктігі / ені / тереңдігі)	850 мм/600 мм/600 мм
Кернеу / жиілік	220-240 В ~ 50 Гц
Жалпы тұтынылатын қуат	2.4 кВт
Сым түрі / қимасы	мин.Н05VV-FG 3 x 1,5 мм <sup>2</sup>
Газ құрылғысының санаты	Cat II 2H3B/P / Cat II 2E+3+
Өнімнің орнатылған газ түрі / қысымы	G 20/20 мбар - G 25/25 мбар
Жалпы тұтынылатын газ қуаты	7.9 кВт (574 g/h)
Газ түрін / қысымын ауыстыру <sup>S</sup> _ қосымша	G 30/28-30 мбар G 20/13 мбар - G 20/10 мбар - G 31/37 мбар
<b>ПІСІРУ ТАҚТАСЫ</b>	
<b>Жанарғылары</b>	
Артқы сол жақ	<b>Қалыпты жанарғы</b>
Қуаты	2 кВт (145 g/h)
Алдыңғы сол жақ	<b>Жылдам жанарғы</b>
Қуаты	2.9 кВт (211 g/h)
Алдыңғы оң жақ	<b>Қосымша жанарғы</b>
Қуаты	1кВт (73 g/h)
Артқы оң жақ	<b>Қалыпты жанарғы</b>
Қуаты	2 кВт (145 g/h)
<b>ПЕШҒРИЛЬ</b>	
Басты пеш	<b>Бірнеше функциялы пеш</b>
Ішкі шамы	15 25 Вт
Гриль қуат шығыны	2.2 кВт

<sup>#</sup> Жалпы мәліметтері: Электрикалық пештердегі қуатты тұтыну тақтасындағы деректер EN 60350-1 / IEC 60350-1 стандартына сәйкес келтірілген. Бұл деректер төменгі-жоғарғы қыздырғыш элементі немесе желдеткіштің (бар болса) көмегімен қыздыру функцияларымен әдеттегі толтыру кезінде анықталған.  
Қуат тиімділігі класы тиісті функциялардың құрылғыда бар не жоқтығына байланысты төменде көрсетілген артықшылықтарға сәйкес анықталған. 1 - Желдеткішпен пісіру - үнемді режим, 2 - Турборежимде жәй пісіру, 3 - Турборежимде пісіру, 4 - Желдеткішпен үстінен/астынан қыздыру, 5 - Үстінен/астынан қыздыру.

**i** Құрылғының сапасын жақсарту кезінде техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

**i** Бұл нұсқаулықтағы суреттер үлгі ретінде берілген және құрылғының өзінен шамалы өзгешіліктері бар болуы мүмкін.

**i** Құрылғының зат таңбасындағы немесе ілеспе құжаттағы мәндер тиісті стандарттаға сәйкес зертханалық жағдайларда алынған. Бұл мәндер құрылғыны қолдану жағдайларына байланысты өзгеру мүмкін.

## Бүріккіш сипаттамалары

Жанарғының орны	2 кВт (145 g/h) Артқы сол жақ	2.9 кВт (211 g/h) Алдыңғы сол жақ	1кВт (73 g/h) Алдыңғы оң жақ	2 кВт (145 g/h) Артқы оң жақ
Газ түрі / газ қысымы				
G 20/10 мбар	125	155	90	125
G 20/13 мбар	116	145	84	116
G 20/20 мбар	103	115	72	103
G 30/28-30 мбар	72	87	50	72
G 25/25 мбар	103	115	72	103
G 31/37 мбар	72	87	50	72

Сіз жиынтыққа кірмейтін бүріккіштерді авторизацияланған қызмет көрсету орталығында сатып ала аласыз.

### Елдегі газ санаттары/түрлері/қысым

Өнім орнатылатын ел үшін пайдалануға болатын газ түрін, қысымын және газ санатын төмендегі кестеден таба аласыз.

ЕЛДІҢ КОДЕКТЕРІ	САНАТ		ГАЗ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚЫСЫМ			
FR	Cat II	2E+3+	G20,20 мбар	G25,25 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар
BE	Cat II	2E+3+	G20,20 мбар	G25,25 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар
RU	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар	G20,13 мбар	G20,10 мбар
CZ	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
NL	Cat II	2E(43.46 - 45.3 MJ/m <sup>3</sup> (0°C))3B/P	G25.3,25 мбар	G20,20 мбар	G30,30 мбар	
		Cat II	2L3B/P	G25,25 мбар	G20,20 мбар	G30,30 мбар
GB	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
IE	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
ES	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
PT	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
CH	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
IT	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
SK	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
CY	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
SI	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
GR	Cat II	2H3+	G20,20 мбар	G30,28 30 мбар	G31,37 мбар	
PL	Cat II	2ELS3B/P	G20,20 мбар	G2.350,13 мбар	G30,37 мбар	
	Cat II	2E3P(B/P)	G20,20 мбар	G30,37 мбар		
DE	Cat II	2E3B/P	G20,20 мбар	G30,50 мбар		
AT	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,50 мбар		
SE	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
LT	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
NO	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
MK	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
XK	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
RS	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
RO	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		

ЕЛДІҢ КОДЕКТЕРІ	САНАТ		ҒАЗ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚЫСЫМ			
DK	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
EE	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
MA	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
FI	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
HR	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
TR	Cat II	2H3B/P	G20,20 мбар	G30,30 мбар		
MT	Cat I	3B/P	G30,30 мбар			
IS	Cat I	2H	G20,20 мбар			
LV	Cat I	2H	G20,20 мбар			
LU	Cat I	2E	G20,20 мбар			
BG	Cat I	2H	G20,20 мбар			
	Cat I	3B/P	G30,30 мбар			
HU	Cat I	2H	G20,25 мбар			
	Cat I	3B/P	G30,30 мбар			

### 3 Орнату

Құрылғыны күші бар қағидаларға сәйкес білікті маман орнатуы қажет. Әйтпесе, кепілдігі жойылады. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

**i** Орынды және газ бен электр қондырғыларын дайындау тұтынушы жауапкершілігінде.

**!** Өнім жергілікті газ және электр нормативтеріне сәйкес орнатылуы тиіс.

**!** Орнатпас бұрын, өнімде кемшіліктер жоғына көз жеткізіңіз. Егер болса, оны орнатпаңыз.  
Зақымданған өнімдер басыңызға қауіп-қатер төндіруі мүмкін.

#### Орнатудан бұрын

Құрылғы астында қажетті ауа саңылауы сақталғанына сенімді болу үшін, бұл құрылғыны аяғы кілемшенің немесе жұмсартылған еденнің ішіне кіріп кетпеуі үшін қатты негіздің үстіне орнатуды ұсынамыз.

Ас бөлмесінің едені құрылғы салмағымен қоса ыдыс-аяқтар және ыстыққа төзімді ыдыс-аяқтар, тағамдар салмағын көтере алатын болуы қажет.


Орнату көлемдері мен тез жанғыш беттер қорғаушы (AS 5601) газ орнатулар кодымен сәйкес келуі қажет. Орнату есте сақталған сандар мөлшерімен сәйкес келеді.

Жанғыш материалдардан бөлетін БОС КЕҢІСТІКТЕР

Жоғарғы 750 мм

Артқы қабырға 50 мм

Бүйір қабырғалар 200 мм




- Бұл өнім EN 30-1-1 стандартына сәйкес 1-сынып құрылғысы болып табылады, сондықтан оны артқы жағымен және **бір** жақ бүйірімен ас бөлменің қабырғаларына, ас бөлме жиһазына және кез-келген өлшемді жабдыққа кіріп тұратындай етіп орнатуға болады. **Басқа** жақ бүйіріндегі ас бөлме жиһазы немесе жабдығы бірдей немесе кішірек өлшемде болуы мүмкін.
- Оны екі жағынан асүйлік шкафтармен пайдалануға болады, алайда кемпірек деңгейі үстінен ең аз дегенде 400 мм бос кеңістік және де құрылғы мен қабырға, қалқан және биік асүйлік шкаф арасында ең аз дегенде 65 мм бүйірлік бос кеңістік қалдыру қажет.
- Сонымен қатар, құрылғыны жеке өзін орнатуға болады. Кемпірек беті үстінен ең аз дегенде 750 мм бос кеңістік қалдырыңыз.
- (\*) Сорып алу құралы асүй плитасының үстінде орнатылуы қажет болса, орнату биіктігіне қатысты асүй сорып алу құралы өндірушісінің нұсқауларына қараңыз. Егер сорғыштың нұсқаулығында қандай-да бір өлшем анықталмаса, онда бұл биіктік кем дегенде 650 мм болуы керек.



- Құрылғы жанындағы кез-келген ас бөлме жиһазы ыстыққа төзімді болуы қажет (100 °С мин.).



**Ескерту - аударылып қалу қаупі бар!**




**Ескерту:** Құрылғы аударылып қалмасы үшін мына тұрақтандырғыш құралы орнатылуы керек. Орнату үшін нұсқаулықтарды көріңіз.

### Қауіпсіздік шынжыры

**Егер өніміңізде 2 қауіпсіздік шынжыры болса;**

Құрылғыны ауып кетпеуі үшін пешпен жабдықталған екі қорғауыш шынжырмен бекітілуі қажет.

Дұрыс істікті пайдалана отырып ілгекті (1) ас бөлме қабырғасына (6) бекітіңіз және қауіпсіздік шынжырын (3) ілгекке құлыптау механизмі (2) арқылы жалғаңыз.




- 1 Тұрақтылық ілгегі
- 2 Құлыптау механизмі
- 3 Қауіпсіздік шынжыры
- 4 Шынжырды ас бөлме плитасының артқы жағына мықтап бекітіңіз.

5 Ас бөлме плитасының артқы жағы

6 Ас бөлме қабырғасы

**Егер өніміңізде 1 қауіпсіздік шынжыры болса;**

Құрылғыны ауып кетпеуі үшін пешпен жабдықталған бір қауіпсіздік шынжырымен бекітілуі қажет. Өнімге қауіпсіздік шынжырын бекіту үшін, төмендегі суреттегі қадамдарды орындаңыз.



**i** Духовканың бүйірге еңкеюін болдырмау үшін, духовканың алға және диагональ бойынша еңкеюін болдырмау үшін тұрақтылық шынжыры мүмкіндігінше қысқа болуы керек.

Плиталарға арналған плитаның тұрақтылық шынжыры кронштейнді кіргізу тесігімен жасалмаған.

### Бөлмені желдету

Барлық бөлмелерде ашылатын терезе немесе баламасы, кейбір бөлмелерде сонымен қатар тұрғылықты желдеткіш құралдары болуы қажет. Жануға қажетті ауа бөлме ауасынан алынады және шығатын газдар тікелей бөлме ішіне таралады. Құрылғының қауіпсіз жұмыс істеуі үшін жақсы желдету тиімді болады.

**Тікелей сыртқы ортаға ашылатын есіктері және/немесе терезелері бар бөлмелер**

Тікелей сыртқы ортаға ашылатын есіктерде немесе терезелерде құрылғының жалпы газ қуаты негізінде

(құрылғының жалпы газ қуаты шығыны осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамасы кестесінде көрсетілген) өлшемдері көрсетілген желдету саңылауы болуы қажет. Егер есіктерде және/немесе терезелерде төмендегі кестеде көрсетілгендей құрылғының жалпы газ шығынына сәйкес жалпы желдету саңылауы болмаса, құрылғының жалпы газ шығыны бойынша жалпы минималды желдету талаптарына қол жеткізу үшін қосымша бекітілген желдету саңылауы болуы керек. Бекітілген желдету саңылауында бар саман саңылаулары, шығару қақпағы кіріс саңылауы өлшемі, т. б. болуы мүмкін.

Жалпы тұтынылатын газ қуаты (кВт)	мин. желдеткіш саңылауы (см <sup>2</sup> )
0-2	100
2-3	120
3-4	175
4-6	300
6-8	400
8-10	500
10-11,5	600
11,5-13	700
13-15,5	800
15,5-17	900
17-19	1000
19-24	1250

### Тікелей сыртқы ортаға ашылатын ашылмалы есіктері және/немесе терезелері жоқ бөлмелер

Егер құрылғы орнатылған бөлмеде тікелей сыртқы ортаға ашылатын есік және/немесе терезе болмаса, басқа өнімдерде жоғарғы кестеде көрсетілгендей құрылғының жалпы газ шығынының жалпы минималды желдету саңылауы талаптарына сәйкес бекітілген реттелмейтін және жабылмайтын желдету саңылауы болуы керек. Сонымен қатар, тиісті ғимарат реттеулері ұсынысы орындалуы керек. Бөлмеде немесе ішкі бос орында бірнеше газ құрылғысы болса, жоғарыдағы кестеде берілген талапқа сәйкес желдету 20/КК

аймағы төбеде берілуі керек. Қосымша желдету аймағының өлшемі басқа газ құрылғыларының реттеулеріне сәйкес болуы керек.

Құрылғы орнатылатын бөлмеде ішкі ортаға ашылатын есіктің түпкі шетінде 10 мм минималды аралық болуы керек. Кілемдер және басқа еден жабындары, т. б. сияқты элементтер есік жабылған кезде саңылауға әсер етпейтінін тексеруіңіз керек.

Бұл плитаны ас бөлмеде, тамақтанатын бөлмеде немесе жатын-қонақ бөлмелерінде орнатуға болады. Жуыну құралдары бар бөлмелерде орнатуға болмайды. Бұл плита көлемі 20 метрден аз жатын-қонақ бөлмелерінде орнатылмауы қажет<sup>3</sup>.

Құрылғының кемінде бір бүйірі жер деңгейіне ашылмайынша, бөлмедегі осы құрылғыны жер деңгейінен төмен орнатпаңыз.

### Орнату және қосу

Құрылғыны күші бар нормалар мен ережелерге сәйкес орнату және қосу қажет.

**i** Құрылғыны тоңазытқыштардың немесе мұздатқыштардың жанына орнатпаңыз. Құрылғыдан шығатын ыстық пісіруге арналған құралдардың тоқ тұтынуын жоғарлатады.


- Құрылғыны кем дегенде екі адам көтеруі қажет.
- Құрылғыны тікелей еденнің үстіне орнату қажет. Оны негіздің немесе тіректің үстіне қондыруға болмайды.


**i** Құрылғыны көтеру немесе жылжыту үшін есігінен және/немесе тұтқасынан ұстамаңыз. Есігі, тұтқасы немесе ілгектері бүлінуі мүмкін.

### Электрикалық жалғау


Өнімді «Техникалық сипаттамалары» кестесінде көрсетілгендей қуаты жарамды шағын тізбек үзгішпен қорғалған жерге қосылған розеткаға/желіге қосыңыз. Өнімді


трансформатормен бірге немесе онсыз пайдалану кезінде жерге қосу орнатымын білікті электрикке орындатқызыңыз. Біздің компания өнімді жергілікті ережелерге сай жерге қосу орнатымынсыз пайдалануға байланысты туындаған зақымдарға жауапты болмайды.


 Құрылғыны қуат берілу жабдығына уәкілетті немесе білікті маман қосуы қажет. Құрылғының кепілдік уақыты дұрыс орнатудан соң ғана басталады. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

 Қуат сымы қысылған, майысқан немесе бұралған болмауы және құрылғының ыстық беттеріне тиіп тұрмайтындай жерде орналасуы қажет. Бүлінген қуат сымын білікті электр маманы ауыстыруы қажет. Әйтпесе, электр тогының соғуы, қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі бар!

Желіден қуаттану мерзімі құрылғы белгісінде көрсетілген деректерге сәйкес болуы қажет. Техникалық деректер тақтасын есікті немесе астыңғы қақпағын ашқанда көруге болады немесе ол құрылғы түріне байланысты құрылғының артқы қабатында орналасқан. Құрылғының қуат беру сымы "Техникалық сипаттамалар" кесетіндегі мәндерге сәйкес келуі қажет.

 Қуат беру сымының ашасы орнатылған соң қол жетімді жерде болуы қажет (оны кемпірек үстінен айналдырып жүргізбеңіз).

 Сым жүргізу барысында ұлттық/жергілікті электр нормативтерін қолданып, тиісті розетка шығысын/желісін және пеш тығынын пайдалану керексіз. Өнім қуатының шектері тығын мен розетка шығысы/желісі тасымалдай алатын токтан тыс болса, өнім бекітілген электр орнатуы арқылы тікелей тығынсыз және розетка шығысынсыз/желісінсіз қосылуы керек.

 Электрлі орнату жұмыстарын бастамас бұрын, құрылғыны қуат берілу жабдығынан ажыратыңыз. Электр тогы соғуының қаупі бар!

Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

## Газ қосылымы

 **Жалпы ескертулер**

- Егер орнату, жөндеу немесе қосу жұмыстарын рұқсат етілмеген/лицензиясы жоқ/біліктілігі жоқ тұлға немесе маман жүргізсе, жарылыс, өрт және улану қаупі бар.
- Өнімді орнатпас бұрын, жергілікті тарату шарттары (газ түрі мен қысымы) және өнімнің газға қатысты баптаулары осы шарттарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Газды теңшеу шарттары мен өнім көрсеткіштері жапсырмаларда (немесе типтік тақтайшада) көрсетілген.
- Егер еліңіздің коды жапсырмада көрсетілмесе, газ жабдығын қосу және ауыстыру бойынша еліңіздің жергілікті техникалық нұсқауларына жүгініңіз.
- Өнімді газбен жабдықтау жүйесіне тек уәкілетті/лицензияланған/білікті тұлға немесе маман ғана қоса алады.
- Өндіруші уәкілетті емес/лицензиясы жоқ/біліктілігі жоқ тұлға немесе маман орындаған әрекеттерден туындаған залал үшін жауап бермейді.
- Газдық қондырғымен кез-келген жұмысты бастамас бұрын, газбен жабдықтауды өшіріңіз. Жарылыс қаупі бар!

- Егер алдағы уақытта өнімді басқа газ түрімен пайдалану қажет болса, тиісті ауыстыру процедурасы туралы уәкілетті/лицензияланған/білікті маманмен немесе техникпен кеңесу қажет.
- Әр пайдаланған сайын, газ қосылымының тығыздығы жақсы екеніне көз жеткізіңіз. Өндіруші газдың кемуінен туындауы мүмкін залал үшін жауап бермейді, бұл газдың қосылуы немесе рұқсат етілмеген/лицензиясы жоқ тұлғалар жасаған ауыстыру нәтижесінде орын алуы мүмкін.



### От қаупі:


Қосылымды төмендегі нұсқауларға сәйкес орындамасаңыз, газдың кемуіне және өртке шалдығу қаупі бар. **Біздің компания осыдан туындаған залал үшін жауап бермейді.**

- Газ қосуды тек уәкілетті/лицензияланған/білікті тұлға немесе маман жүргізуі керек.
- Қосылу үшін пайдаланылатын газ түтігінің жергілікті газ талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Икемді газ түтігі оның айналасындағы қозғалатын бөліктермен және ыстық беттермен (төмендегі суреттерде көрсетілген) тиіп кетпейтіндей және қозғалатын бөліктер қозғалған кезде қысылып қалмайтындай етіп жалғануы керек. (мысалы, тартпалар). Сонымен қатар, оны қысылып қалуы мүмкін жерлерде орналастыруға болмайды.
- Газ қосылымы орындалған өнімді жылжытпаңыз. Егер ол жылжытылса, газдың кемуі орын алуы мүмкін.
- Газ түтігін қосу кезінде жыртылу мен майысудың алдын алу үшін кең бұрыштарда бұрылыстар қалдыру арқылы қосу керек.
- Газ түтігін майыстыруға, бүктеуге, қысуға, өткір бұрыштарға тиюіне немесе құрылғының ыстық бөліктерімен және ондағы ыдыстармен жанасуына жол бермеу керек. Газ түтігінің зақымдалған жағдайда жарылыс қаупі бар!

- Газ түтігі бөлме температурасынан 70 градустан жоғары болуы мүмкін бөліктерге тиіп кетпеуі керек.
- Газды қосу және ауыстыру үшін сомын кілтін пайдалану қажет.

**Газ қосылымының бетін таңдау**  
**Егер сіздің өніміңізде екі газ шығысы болса;** қосылу бағыты негізгі газ көзінің бағытына байланысты өзгеруі мүмкін.


- Екі шығыстың бірі тұйық бітеуішпен тығындалған. Екінші шығыстың ұшы ашық.



- 1 Газ шлангісінің шығысы
- 2 Тығын

(Тұйық бітеуіш тығылатын шығыс өнімнің үлгісіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.)


- Газды қоспас бұрын, газға қосылатын құрылғының негізгі газбен жабдықтауы мен газ шлангісінің шығысы бір жақта екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер сұйылтылған негізгі газбен жабдықтауы мен түбі ашық газ түтігінің шығысы бір жақта болса, газ қосылымын төмендегі кескінде көрсетілгендей жасаңыз.




- Егер сұйылтылған негізгі газбен жабдықтауы мен газ түтігінің шығысы бір жақтан тығындалған болса, газ түтігінің шығысындағы тұйық бітеуішті екі сомын кілтпен алып тастаңыз. Егер газ қосылымы жаңа

(пайдаланылмаған) тығыздағыш төсеммен жасалмаса, газ шлангісінің шығысын осы тұйық бітеуішпен жабыңыз.

- Тығыздағыш төсемнің орнына дұрыс орнатылғанына көз жеткізу керек.




- Газды төмендегі суретте көрсетілгендей етіп негізгі газбен жабдықтауының жанындағы газ түтігінің шығысына қосыңыз.




### Егер сіздің өніміңізде тек бір газ шығысы болса;

- Газды қоспас бұрын, газға қосылатын құрылғының негізгі газбен жабдықтауы мен газ шлангісінің шығысы бір жақта екеніне көз жеткізіңіз.



- Егер газ түтігінің шығысы мен газ құбыры бір жаққа қарап тұрмаса, оны қосу кезінде шлангтың ыстық аймақтан өтпеуін тексеріңіз.



### Газды қосуға арналған бөлшектер

Газды қосу үшін қажет болуы мүмкін бөлшектер мен құралдардың көрнекілігі төменде келтірілген. Үлгіге байланысты бұл бөлшектер өніммен бірге жеткізілмеуі мүмкін. Пайдаланылған газ қосылымдарының бөлшектері газ түріне және елдің ережелеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

	Кемуге қарсы тығыздағыш
	Табиғи газға арналған қосқыш бөлігі (G20,G25) КК 10226 R1/2"
	Сұйытылған газға арналған қосқыш бөлігі (G30, G31)
	Газдың шығу түтігіне арналған қосқыш бөлік
	Тұрақты тығын

### Газды қосу – NG


- Өнімді орнатпас бұрын табиғи газ жүйесін құрастыруға дайындау керек. Табиғи газ клапаны өнім қосылатын

газ жүйесінің шығысына орнатылуы керек.

- Табиғи газ клапанына қиындықсыз қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.
- Өнімді жергілікті талаптарға сәйкес келетін икемді газ түтігі арқылы үйіңіздегі табиғи газ жүйесіне қосыңыз.
- Газ қосылымын орындау кезінде жаңа тығыздау аралығын пайдалану қажет.
- Газбен жабдықтау екі шығысында бұрандалы фитингтері бар газ құбыры немесе қауіпсіз газ түтігі арқылы қосылуы керек.
- Қосылымды екі түрлі әдіспен жасауға болады:
  - EN ISO 228 G1/2" қосылым түрі
  - EN 10226 R1/2" қосылым түрі

### EN ISO 228 G1/2" қосылым түрі


1. Жаңа тығыздағышты байланыстырушы бөлікке орналастырыңыз және оның дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
2. Газ құбырын құрылғыға 22 мм сомын кілтпен бекітіңіз және байланыстырушы элементті 24 мм сомын кілтпен құбырға орнатыңыз.




3. Қосылым орнатылғаннан кейін қосылым бөлігінің тығыздығын тексеру қажет.

### EN 10226 R1/2" қосылым түрі

1. Жаңа тығыздағышты табиғи газдың байланыстырушы бөлігіне орнатыңыз және тығыздағыштың дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
2. Өнімнің газ құбырын 22-лік сомын кілтпен ұстап тұрып, байланыстырушы бөлікті 24-тік сомын кілтпен өнімнің газ құбырына жалғаңыз және мықтап қатайтыңыз.



3. Тығыздағышты жалғағыштың бұрандалы бөлігіне ораңыз. Түтіктің/қауіпсіз газ құбырының бұрандалы бөлігін 24 мм сомын кілтпен жалғағышқа жалғаңыз және 24 мм сомын кілтпен жалғағышты орнында ұстай отырып, мықтап тартыңыз.



4. Қосылым орнатылғаннан кейін қосылым бөлігінің тығыздығын тексеру қажет.

### Газды қосу – LPG


- Сіздің өніміңіз газдың кемуіне жол бермеу үшін газ қосылымының жанында орналасатындай етіп қосылуы керек.
- Газ қосылымын орнаптамас бұрын, пластикалық газ түтігін және тиісті орнату қысқышын алыңыз. Пластикалық газ түтігінің ішкі диаметрі 10 мм, ал ұзындығы 150 см аспауы керек. Пластикалық түтік тығыздалған және қарау үшін қолайлы болуы керек.
- Газ аспаптары мен жүйелерінің жарамдылығын үнемі тексеріп отыру қажет. Реттегішті, құбыршекті және оның қысқышын өңдіруші ұсынған мерзімде немесе қажет болған жағдайда үнемі тексеріп, ауыстыру қажет.
- Газ қосылымын орындау кезінде жаңа тығыздау аралығын пайдалану қажет.
- Газ қосылымы газ түтігі немесе стационарлық қосылым арқылы жүзеге асырылуы керек.

### Газ түтігі арқылы қосылу


1. Жаңа тығыздағышты сұйытылған газдың байланыстырушы бөлігіне

орнатыңыз және тығыздағыштың дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

2. Өнімнің байланыстырушы газ құбырын 22 мм сомын кілтпен бекітіңіз, байланыстырушы құбырды өнімнің газ құбырына 24 мм сомын кілтпен жалғаңыз және мықтап қатайтыңыз.



3. Бекіту қысқышын газ түтігінің бір ұшына орнатыңыз. Қысқыш бекітілген газ түтігінің ұшын бір минут қайнаған суға батырып жұмсартыңыз.
4. Жұмсартылған газ түтігін байланыстырушы бөлікке мықтап салыңыз. Қысқышты бұрауышпен мықтап қатайтыңыз.



5. Қосылым орнатылғаннан кейін қосылым бөлігінің тығыздығын тексеру қажет.

### Түтікше қосылымымен жалғау

Осы құрылғыға газды қосу үшін қолданылуы қажет түтікше:

- AS1869 B класы 10 мм диаметріне сәйкес келуі АГҚ газы болуы қажет.
- Мүкіндігінше қысқа, бірақ 1.2 метрден ұзын болмауы қажет.
- Бұл құрылғыны түтікше жалғауымен орнаутға болады.
- Құрылғы орнатылғанда, түтікше ешқандай ыстық бетке тимеуі немесе бұралып қалмауы қажет.
- Орнату соңында, ағындылардың жоқтығын тексеріңіз.

**i** Ағындыларды тексеру үшін ашық жалынды пайдаланбаңыз.

Құрылғының дұрыс жұмыс істейтіндігін тексеру үшін, құрылғыға дұрыс қысым орнату қажет, **1.0кПа табиғи газ үшін**

және **2.75 кПа сұйытылған мұнай газы (Пропан) үшін.**

Қысымды қысым өлшеуіш құралын немесе манометрін бақылау нүктесіне суреттерде көрсетілгендей қосу арқылы тексеріңіз. Қысымды өте жоғары деңгейде қосылып тұраған 2-3 жанарғылармен орнатыңыз. Жанарғылардың жану жүйесінің және тағы басқалардың дұрыс жұмыс істейтінін тексеріп, құрылғының жұмысын тұтынушыға көрсетіңіз. Жанарғы төменгі орнатуы реттеуді қажет етсе, реттеуге арналған ауыстыру әрекеттерін қараңыз.



Ашық жалынды пайдаланбаңыз немесе темекі шекпеңіз.

Ешқандай электрикалық түймешіктер арқылы іске қоспаңыз (мыс, шам түймешігі, есік қоңырау және т.б.).

Орнатылған немесе ұялы телефондарды пайдаланбаңыз. Жарылу және улану қаупі!

### Байланыс орнындағы кеміп кетудің бар-жоғын тексеру


- Өнімдегі барлық саптары өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Газдың ашық екеніне көз жеткізіңіз. Сабын көбігін дайындаңыз және оны газдың кемуін тексеру үшін түтіктің жалғанған жеріне жағыңыз.
- Егер газ кемуі орын алса, сабынды бөлік көбіктенеді. Мұндай жағдайда газ қосылымын тағы бір рет тексеріңіз.
- **Егер өнімде екі газ шлангісінің шығысы болса**, пайдаланылмаған газ шығысы тығынмен бекітілгенін тексеріңіз. Газ кемуін тексеру үшін, сабынды көбік дайындап, оны тығынның қосылу нүктесіне қолданыңыз. Егер газ ағуы бар болса, сабындалған жағы көбіктенеді. Мұндай жағдайда, газ тығыны байланысын қайта тексеріңіз.
- Сабынның орнына газдың кемуін тексеруге арналған дүкендерде сатылатын спрейлерді пайдалануға болады.

- Егер газ кемуі орын алса, газбен жабдықтауды тоқтатып, бөлмені желдетіңіз.

**i** Газ ағуын бақылау үшін ешқашан сіріңке немесе оттық пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны асүй қабырғасына қарай итеріңіз.
- **Пештің аяқтарын лайықтау**  
Пайдалану кезіндегі діріл ыдыстарды қозғалтуы мүмкін. Құрылғы тегіс және теңделген жағдайда тұрса, мұндай қауіпті жағдайды болдырмауға болады. Өз қауіпсіздігіңіз үшін, құрылғының төрт аяғын оңға немесе солға бұрау арқылы тең тұрғанын және жұмыс бетін тегіс деңгейде тұрғанын тексеріңіз.

### Салқындатқыш желдеткіші бар құрылғылар үшін (Ол өнімде болмауы мүмкін.)



- 1 Салқындатқыш желдеткіші
- 2 Басқару тақтасы
- 3 Есігі

Салқындату желдеткіші басқару тақтасын да, құрылғының алдыңғы бөлігін де салқындатады.

**i** Салқындату желдеткіші пеш өшірілген соң 20-30 минуттай жұмыс істеп тұрады.

### Соңғы тексері

1. Электрикалық функцияларды тексеріңіз.
2. Газ берілуін ашыңыз.
3. Газ орнатулары мықты бекітіліп, орнықтырылғанын тексеріңіз.
4. Жанарғыларды жағып, жалын көрінісін тексеріңіз.

**i** Жалын көс түсті және қалыпты пішінде болуы қажет. Жалын сарғыштау болса, жанарғы қақпағын дұрыс қондырылғанын тексеріңіз немесе жанарғыны тазалаңыз.

### Басқа газ түріне ауысу



#### Жалпы ескертулер


- Газдық қондырғымен кез-келген жұмысты бастамас бұрын, негізгі газбен жабдықтау көзін өшіріңіз. Жарылыс қаупі бар!
- Өнімді басқа газбен пайдалану үшін жарамды ету мақсатында барлық газ бүріккіштерін ауыстыру және жұмыс істемейтін күйде газ шүмегінің жануын теңшеу қажет.
- Газ түрін өзгерткеннен кейін қосымша қапшықтағы газ түрінің жаңа заттаңбасы өнімнің артқы бетіндегі қазіргі заттаңбаға жабыстырылуы керек.
- Елдер бойынша өніміңізге арналған ауыстырылатын газ түрі мен газ санаттары «Елдер бойынша газ санаттары/түрлері/қысымы» бөлімінде көрсетілген. Бұл кестеде сіздің аймағыңызда қандай газ түрлеріне ауысуға болатынын қараңыз. Бұл кестеде газдың анықталмаған түрлеріне ауысу мүмкін емес.
- Сіз ауыстырғыңыз келетін газ түріне сәйкес келетін қосалқы бүріккіш өніммен бірге жеткізілмеуі мүмкін. Сіз бүріккіштерді уәкілетті қызмет орталығынан немесе өнімді сатып алған жерден ала аласыз.



- Бүріккіштердің мәндері және оттықтар үшін пайдаланылуы керек газ түрлері бөлімнің соңында көрсетілген. Түрлендірілетін газ түрінің қосылымын газды қосу бөлімінде сипатталғандай орындаңыз.


### Газды ауыстыруға арналған бөлшектер

Төменде газ жабдықтарын ауыстыру үшін қажет болуы мүмкін бөлшектер мен құралдар ұсынылған. Үлгіге байланысты бұл бөлшектер өніммен бірге жеткізілмеуі мүмкін.


	Айналма бүріккіш
	Оттықтың бүріккіші

### Темірпеш қақпағының бүріккішін ауыстыру

1. Басқару панеліндегі барлық басқару түймелерін «Өшірулі» күйіне орнатыңыз.
2. Газ беруді жабыңыз.
3. Жанарғы қақпағын алып, жанарғы денесін шығарып алыңыз.
4. Газ бүріккіштерін сағат тіліне қарсы бұрап алып тастаңыз. (7-ші сомын кілт)



5. Егер сіздің құрылғыңызда бүйірлік кірісі бар бүріккішпен жабдықталған вок оттығы болса, бүріккішті №7 кілтпен алыңыз.



**i** ((Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.))

Пісіру панелінің кейбір оттықтарында бүріккіш металл бөлікпен жабылған. Бүріккішті ауыстыру үшін осы металл қақпақты алып тастау керек.

6. Жаңа газ бүріккіштерін орнатыңыз. (Тарту моменті 4 Нм).
7. Барлық қосылымдардың сенімді және қауіпсіз бекітілгеніне көз жеткізу үшін оларды тексеріңіз.

**i** Жаңа бүріккіштердің орны қаптамада көрсетілген немесе оны білу үшін *Бүріккіш сипаттамалары, Бет 16* бүріккіштер кестесіне жүгінуге болады.

8. Қосылғаннан кейін, бүріккіштердің тығыздығын тексеру қажет.

**i** Аса қажет болмаған жағдайда, жанарғылардың газ шүмектерін алмаңыз. Шүмектерді ауыстыру қажет болса, Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


### Газ берілуін төмендету үшін газ шүмектерін реттеу

1. Реттеу қажет жанарғыны жағып, реттегіш тұтқышын төмендетілген жалын жағдайына қарай бұраңыз.
2. Реттегіш тұтқышын газ шүмегінен шығарып алыңыз.
3. Газ беру реттегішінің бұрамасына өлшемі сәйкес келетін бұрағышты пайдаланыңыз.


Сұйытылған мұнай газы (бутан-пропан) үшін бұраманы сағат тілімен бұрау қажет. Табиғи газ үшін, бұраманы бір айналымға **сағат тіліне қарсы** бұрау қажет.

- » Реттегіш ең төменгі жалын жағдайына орнатылғанда тіке жалынның әдеттегі биіктігі 6-7 мм болуы қажет.
4. Егер жалын қажетті жағдайдан биік болса, бұраманы сағат тілімен бұраңыз. Егер төмен болса, сағат тіліне қарсы бұраңыз.

5. Соңғы тексеру үшін, жанарғыштың реттегішін ең жоғары және ең төмен жалын жағдайына қаратып, жалын жанғанын не өшірілгенін тексеріңіз. Құрылғыда қолданылатын газ шүмегі түріне байланысты, реттегіш бұрамасының орны өзгеруі мүмкін.



1 Газ беру реттегішінің бұрамасы



1 Газ беру реттегішінің бұрамасы

**i** Егер құрылғының газ түрі ауыстырылса, құрылғының газ түрін көрсететін техникалық мәлеметтерді беретін тақтайшада өзгертілуі қажет.

### **Инжекторларда ағуды тексеру**


